

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫ

04.07.2022 ж.

Алматы қаласы

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
ГОРОДА АЛМАТЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 6

город Алматы

**Алматы қаласында коронавирустық
инфекцияның таралуының алдын алу
жөніндегі шаралар туралы**

Алматы қаласының тұрғындары арасында коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 102-бабының 1-тармағының, 104-бабының 2 тармақтарын сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Аудан әкімдері, мемлекеттік органдар, Алматы қаласы бойынша кәсіпкерлер палатасы (келісім бойынша), құқық қорғау және арнайы органдар, мекемелердің басшылары, жеке және заңды тұлғалар меншік нысанына қарамастан:

1.1. «Қазақстан Республикасында коронавирустық инфекцияның алдын алу шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 25 наурыздағы №16 қаулысын іске асыруды жалғастыруды;

1.1. әрбір 6 ай сайын коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинациялау және ревакцинациялау қажеттілігі туралы халықпен белсенді ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізуді;

1.3. COVID-19-ға қарсы вакцинациялауға абсолютті қарсы көрсетілімдері бар қызметкерлерді және жүкті әйелдерді қапшықтықтан жұмыс нысанына (міндеттерін қапшықтықтан орындау мүмкін емес жұмыскерлерді қоспағанда) ауыстыруды;

1.4. КВИ-мен ауыратын жақын байланыста болған адамдарды қапшықтықтан жұмыс нысанына (міндеттерін қапшықтықтан орындау мүмкін емес жұмыскерлерді қоспағанда) ауыстыруды;

1.5. барлық үй-жайларды желдете отырып, вентиляция және ауаны баптау жүйелерін тексеруді (тазалау, жуу, дезинфекциялау, сүзгілерді ауыстыру және т.б.). қамтамасыз етсін.

2. Аудан әкімдеріне, мемлекеттік органдарға, Алматы қаласы бойынша кәсіпкерлік палатасы (келісім бойынша), меншік нысанына қарамастан жеке және заңды тұлғаларға халық көп жиналатын жабық үй-жайларда (СОО, сауда үйлері, жабық базарлар, ХҚКО, банктер, кинотеатрлар, театрлар, цирктер, концерт залдары, автовокзалдар, көрермендері бар спорттық іс-шаралар, конференциялар) тамақ ішу кезінде, 5 жасқа дейінгі балаларды қоспағанда, қоғамдық көлікте, метрода жол жүру, халықаралық жолаушылар тасымалы кезінде маска киюді ұсыну.

3. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы:

3.1. КВИ-мен ауыратын жақын байланыста болған адамдарды қапшықтықтан жұмыс істеуге және медициналық бақылауға ауыстыруды;

3.2. 7 күн ішінде БМСКК және телемедицина орталығы деңгейінде ауырлығы жеңіл және асимптоматикалық пациенттерді амбулаториялық бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы қаулы 2022 жылғы 7 шілде сағат 00:00 бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



Қ. Алпысбайұлы